

Кеңесінің
Баянауыл ауылының сәбилер
бақшасының басшысы С.Абжанова



Бекітемін *Ж.М.*
Қамқоршылық кеңесінің
төрайымы Ж.Майкенова

**Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары
2025-2026 оқу жылы**

р/с	Отырысы	Мерзімі	Жауаптылар
1	ҚР білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітілген 27.06.2017 жылғы № 355 Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың типтік ережелерін зерделеу.	қыркүйек	Қамқоршылық кеңестің төрайымы, балабақша басшысы
2	Қамқоршылық кеңестің төрағасын және хатшысын сайлау.		
3	Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын талқылау және бекіту. Сыбайлас жемқорлыққа себеп болатын жағдайлардың алдын-алу туралы		
1	Тәрбие іс-әрекетін ұйымдастыруда жарақаттанудың алдын алу және қауіпсіз орта құру бойынша жұмыстарды талдау.	желтоқсан	Қамқоршылық кеңестің төрайымы, балабақша басшысы
2	Балабақшада ата-аналармен өтетін іс-шараларға қатысу		
3	«Балаларға базарлық» мерекені ұйымдастыруға және оны өткізуге қоғам мен демеушілерді тартуға көмек жасау.		
4	Мектепке дейінгі мекеменің санитарлық-гигиеналық жағдайын тексеру.		
1	2025 жылғы 3-4 тоқсан бойынша Баянауыл ауылының сәбилер бақшасы КМҚК мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы қызмет туралы есеп.	Наурыз	Қамқоршылық кеңестің төрайымы, балабақша басшысы
2	Наурыз мерекесіне қатысу		
3	Тәрбиеленушілердің патриоттық		

	сезімдерін қалыптастыру барысында «Жеңіс күні», «Отан қорғаушы күні» мерекелерге қатысып, балалармен кездесу өткізу		
1	Тәрбиеленушілермен өткізілетін салауатты өмір салтын қалыптастыру тақырыбында іс-шараларға қатысу.	Мамыр	Қамқоршылық кеңестің төрайымы, балабақша басшысы
2	Қауіпсіздік ережелерін балаларға түсіндіру.		
3	Қамқоршылық кеңестің жұмысы туралы есеп.		

**Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің «Баянауыл ауылының сәбилер
бақшасы» КМҚК қамқоршылық кеңесінің құрамы**

2025-2026 оқу жылы

1. Майкенова Жанар Хабидуллаевна, аудандық мәдениет үйінің әдіскері
қамқоршылық кеңесінің төрайымы
 2. Жакупова Акмарал Боранбаевна - Аудандық орталық аурухананың
дәрігері, қамқоршылық кеңесінің мүшесі
 3. Есмакаева Айзада Исаевна - ата –ана, Баянауыл ауданы тұрғыны,
қамқоршылық кеңесінің мүшесі
 4. Рақыш Әсел Қанышқызы - ауыл тұрғыны, кәсіпкер, қамқоршылық
кеңесінің мүшесі
 5. Хамитова Акмарал Багадатовна - ардагер ұстаз , қамқоршылық
кеңесінің мүшесі
 6. Макарова Бибигуль Барисовна - ардагерлер кеңесі мүшесі, қамқоршылық
кеңесінің мүшесі
 7. Саликова Айдана Сыздыковна - Баянауыл ауданы ІІБ қызметкері
қамқоршылық кеңесінің мүшесі
- Абжанова Сандугаш Серикбаевна – Баянауыл ауылының сәбилер
бақшасының басшысы

Хатшы: Мурат Булбул –балабақша әдіскері

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ,
БАЯНАУЫЛ АУДАНЫ
БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІНІҢ
"БАЯНАУЫЛ АУЫЛЫНЫҢ
СӘБИЛЕР БАҚШАСЫ"
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
"БАЯНАУЫЛ АУЫЛЫНЫҢ
СӘБИЛЕР БАҚШАСЫ"
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
БАЯНАУЛЬСКОГО РАЙОНА,
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

23.09.2025

Баянауыл ауылы

ПРИКАЗ

№ 241/К

село Баянаул

Қамқоршылық кеңесті құру туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 44-бабы 9-тармағына, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оның сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025-2026 оқу жылына Қамқоршылық кеңес құрамына кіру мүшелігіне өзгерістер енгізілсін және кеңес құрамы бекітілсін.

Эльмира Калиаскаровна Каримова – қамқоршылық кеңесінің төрайымы
Кеңес мүшелері:

Акмарал Боранбаевна Жакупова – аудандық орталық аурухананың дәрігері.

Айзада Исаевна Есмакаева – Баянауыл ауылының тұрғыны

Асель Қанышқызы Рақыш-ауыл тұрғыны, кәсіпкер.

Акмарал Багадатовна Хамитова – ардагер ұстаз.

Бибигуль Барисовна Макарова – ардагерлер кеңесі мүшесі.

Айдана Сыздыковна Саликова – Баянауыл ауданы ІІБ қызметкері

2. Қамқоршылық кеңестің ережесі мен іс-шаралар жоспары бекітілсін.

3. Қамқоршылық кеңес жиналысының хатшысы болып әдіскер Б.Мурат тағайындалсын.

4. Қамқоршылық кеңестің бұйрығының орындалуын өзіме қалдырамын.

Баянауыл ауылының сабилер
бақшасының басшысы



С.Абжанова



Қамқоршылық кеңес туралы ереже

- 1.1. Осы ереже «Білім туралы» Қазақстан Республикасы заңының 44-бабының 9- тармағына , ҚР бұйрыққа 27.07.2017 ж № 355 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда ҚР ағарту Миністрінің міндетін атқарушының 01.03.2023 ж №56 бұйрығымен) Қамқоршылық кеңес қызметінің үлгілік қағидаларын және оны сайлау тәртібін бекіту туралы дайындалды.
- 1.2.Қамқоршылық кеңес Павлодар обл. Білім беру басқармасы Баянауыл ауданының білім беру бөлімінің «Баянауыл ауылының сәбилер бақшасы» КМҚК мектепке дейінгі ұйымының алқалы басқару нысандарының бірі болып табылады.
- 1.3.Қамқоршылық кеңес жарғы негізінде осы Ережеге дейін және заңды тұлға мәртебесінсіз әрекет етеді.

Бап2. Құрамы

2.1.Қамқоршылық кеңестің құрамына:

- 1) жергілікті өкілдік, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;
 - 2) жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері;
 - 3) коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері (бар болса);
 - 4) ата-аналар комитеті ұсынған әрбір параллель сыныптан, курстан сол білім беру ұйымында білім алушылардың бір ата-анасы немесе заңды өкілі;
 - 5) қайырымдылық жасаушылар (бар болса).
- б) Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері (бар болса)- 1 адам

2.2 Білім беру ұйымының жанынан құрылған Қамқоршылық кеңес отырысына осы білім беру ұйымының басшысы немесе оның орынбасары қатысады.

2.3Қамқоршылық кеңес құрамына "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабы 1тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген адамдар кіргізілмейді

2.4.Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ, бір-бірімен және сол білім беру ұйымының басшысымен ешқандай туыстық және жекжаттық қатынасы жоқ кемінде7(жеті) адамнан құрылады. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды. Мемлекеттік органдардың өкілдері болып табылатын Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны үш адамнан аспайды. Комиссия құрамына жергілікті өкілді , атқарушы және құқық қорғау органдарының , үкіметтік емес ұйымдарының , бұқаралық ақпарат

құралдарының өкілдері кіреді. Қамқоршылық кеңес мүшелері сол білім беру ұйымы қызметкерлерінің штатына кірмейді.

2.5. Қамқоршылық кеңестің отырысында ашық дауыс беру жолымен дауыстар басымдылығымен сайланатын (қайта сайланатын) оның төрағасы Қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылады.

Мемлекеттік органдардың өкілдері Қамқоршылық кеңестің төрағасы болып сайланбайды және оның міндеттерін жүзеге асырмайды.

Бап 3. Сайлау тәртібі

3.1. Көпшілік тәртіппен ашық дауыс арқылы Қамқоршылық кеңестің отырысында сайланатын (қайта сайланатын) оның төрағасы қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылады.

3.2. Мемлекеттік органдардың өкілдерін қамқоршылық кеңестің төрағасы сайламайды және оның міндеттерін орындамайды.

3.3. Төрағаның орынбасарымен оның хатшысын Қамқоршылар кеңесі сайлайды.

3.4. Хатшыны Қамқоршылар кеңесі сайлайды және Қамқоршылық кеңестің іс-қағаздарын жүргізуге жауапты

Бап 4. Қызметі

4.1. Ереженің 14 тармағына сәйкес мектепке дейінгі ұйымның қамқоршылық кеңесі:

1) мектепке дейінгі ұйымда дамытудың басым бағыттарын келіседі.
2) тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға қамқоршылық кеңес анықтаған мектепке дейінгі ұйым жұмысындағы кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізіледі.

3) Мектепке дейінгі ұйымның бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар әзірлейді.

4) мектепке дейінгі ұйымның жарғысы мен ішкі тәртіп ережелеріне өзгерістер және толықтырулар енгізуді келіседі.

5) мектепке дейінгі ұйымына қайырымдылық көмек түрінде түскен қаржы қаражатын бөлу жөнінде келіседі және хаттамалық шешім шығарады, оның нысаналы жұмсалуды туралы, демеушілік, қайырымдылық және өзге де көмекті пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін таңдау жөнінде шешім қабылдайды;

6) тәрбиеленушілердің, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен бостандықтарының сақталуына бақылауды жүзеге асыруға, олардың құқықтарын қорғауға, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оларды физикалық, психикалық және өзге де зорлық-зомбылық пен кемсітушіліктен қорғауға жәрдемдеседі;

7) санитариялық-гигиеналық жағдайлардың сақталуына, тамақтану сапасына, ауыз су режиміне, іргелес аумақтың жай-күйіне қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;

8) мектепке дейінгі ұйым басшысының мектепке дейінгі ұйымның қызметі туралы есептерін жылына кемінде 2 (екі) рет тыңдайды;

9) қиын өмірлік жағдайға тап болған тәрбиеленушілерге қолдау көрсету және материалдық-техникалық базаны нығайту үшін мектепке дейінгі ұйымның шотына түсетін демеушілік қаражаттың жұмсалуына бақылауды жүзеге асырады;

10) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын отбасылардан шыққан тәрбиеленушілерген көмек көрсетуді ұйымдастыруға жәрдемдеседі, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, ерекше білім алуды қажет ететін балаларды, дарынды балаларды қолдау шараларын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

11) мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды жүргізуге жәрдемдеседі;

12) ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне анонимді сауалнама жүргізу арқылы мектепке дейінгі ұйымда оқу жағдайларына қанағаттану дәрежесіне жылына 1 (бір) рет мониторинг жүргізеді;

13) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу процесіне мониторинг жүргізеді;

14) мектепке дейінгі ұйымда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қызығушылықтары бойынша үйірмелерде және спорт секцияларына қамтылуына жылына 1 (бір) рет мониторинг жүргізеді;

15) педагогикалық ұжымға тәрбиеленушілердің отбасыларымен жұмысты жүзеге асыруға жәрдемдеседі, мектепке дейінгі ұйымының әкімшілігімен бірлесіп, жалпы ата-аналар жиналыстарын өткізеді;

16) педагогтер, ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер арасында туындаған жанжалдарды шешуге жәрдемдеседі;

17) мектепке дейінгі ұйым қызметінің мәселелері бойынша мәдени, сауықтыру іс-шараларын, конференцияларды, кеңестерді, семинарларды өткізуге жәрдемдеседі;

18) Қамқоршылық кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша заң және нормативтік құқықтық актілер жобаларын қоғамдық талқылауға қатысады.

Бақылау барысында анықталған бұзушылықтар кезектен тыс отырыстың қарауына шығарылады.

4.2. Қамқоршылық кеңес мүшелері арасында тапсырмаларды бөлу кеңес отырысында айқындалады.

4.3. Мектепке дейінгі ұйымға қайырымдылық көмек ерікті түрде өтеусіз негізде көрсетіледі және Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша ғана жұмсалады.

4.4 Осы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды қамқоршылық кеңестің жалпы жиналысы енгізеді және оның отырысында бекітіледі.

Бап 5. Қосымша бюджеттен тыс қаражатты тарту және жұмсау нысандары, тәртібі.

5.1. Балабақшаға қайырымдылық көмек ерікті түрде өтеусіз негізде көрсетіледі. Және осы қағидаларда көзделген тәртіппен қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша ғана жұмсалады.

5.2. балабақша қабылданған қайырымдылық көмектен түскен кез келген түсімдер екінші деңгейдегі банкте ашылған шотқа аударылады.

5.3. Қайырымдылық көмектен түсетін түсімдер мынадай мақсаттарға:

1) мектепке дейінгі ұйымның тәрбиеленушілерін әлеуметтік қолдауға;
2) мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын жетілдіруге;

3) дарынды балаларды қолдауға;

4) пәндік-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға жұмсалады.

5.4. ҚК шешімі бойынша өтеусіз негізде қайырымдылық акцияларын өткізу.

5.5. Мектепке дейінгі ұйым жыл сайын қаржы жылының қорытындысы бойынша тиісті есепті өзінің интернет –ресурсында, тиісті саланың уәкілетті органының, білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында тиісті есепті орналастыру арқылы қызмет нәтижелері туралы жұртшылықты хабардар етеді.

5.6. Осы кеңестің қызметі шеңберінде Қамқоршылық кеңес мүшесі алған, дербес деректерді қорғау, мемлекеттік және қызметтік құпия, коммерциялық құпия туралы қолданыстағы заңнамамен қорғалатын ақпарат үшінші адамдарға ашылмайды.

Бап 6. Іс жүргізу

6.1. ҚК отырысында төраға мен хатшы қол қоятын хаттама жүргізілінеді.

6.2. Хатшының функциялары Қк мүшелері бекіткен МДҰ қызметкерлерінің біріне жүктеледі.

6.3. Құжаттама қамқоршылық кеңес төрағасында 3 жыл сақталады.

6.4. Ереженің қолдану мерзімі: Білім беру ұйымының түрі (немесе түрі) өзгергенге дейін.

Бап 7. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату

Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату:

1) тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның бастамасы бойынша;

2) мектепке дейінгі ұйымды тарату, қайта ұйымдастыру кезінде;

3) осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген Қамқоршылық кеңестің өкілеттік мерзімі өткеннен кейін;

4) Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде жүзеге асырылады.

Қамқоршылық кеңестің мүшесі Қамқоршылық кеңестің құрамынан шығарылады:

1) жеке бастама бойынша (Кеңес төрағасының атына еркін түрдегі жазбаша өтініш негізінде);

2) кеңес отырыстарында дәлелсіз себептермен жыл ішінде үш реттен артық болмау себебінен шығарылады.